

**1997 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 желтоқсанда № 2470 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 27.10.2014 № 7 шешімімен (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді).**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. 2014 жылғы қаңтардан наурызға дейін 1997 жылы туған азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2012 жылғы 27 қарашадағы № 2 "1996 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" ш е ш і м і ж о й ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қ а з и е в а ғ а жү к т е л с і н .

5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Қ. Камзин

КЕЛІСІЛДІ

Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген

*бөлімінің бастығы майор*  
*Б . А . А л и ш е в*

2013 жылғы 25 қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК